

"Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life" еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы
Басқармасының шешімімен
мақұлданды
(2018 жылғы 25 қазандағы № 121 отырыс хаттамасы)

"Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life" еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілді
(2018 жылғы 01 қарашадағы № 65 отырыс хаттамасы)

Өмірді ерікті түрде топтық аралас сақтандыру ҚАҒИДАСЫ

Бұл электронды көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады. Құжат 2018 жылғы 01 қарашадан бастап күшіне енеді. Осы құжат басып шығарылған түрінде ақпарат үшін пайдаланылады. Құжат көшірмесін куәландыру үшін, ПББ-қа хабарласу қажет.

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. Жалпы ереже	4
1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы.....	4
2-тарау. Терминдер және қысқартулар	4
2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері.....	6
3-тарау. Осы Сақтандыру қағидасына сәйкес жасалатын сақтандыру шартының және қосымша талаптардың ерекшеліктері.....	6
3-бөлім. Өмірді топтық мерзімді сақтандыру	7
4-тарау. Сақтандыру шартының мәні	7
5-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі	7
6-тарау. Сақтандыру шартын жасау және орындау кезінде Сақтанушы ұсынатын мәліметтер	8
7-тарау. Сақтандырылушы тұлғаға қойылатын талаптар	8
8-тарау. Сақтандыру жағдайы	9
10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімдері	9
11-тарау. Пайда алушы.....	Ошибкa! Закладка не определена.
12-тарау. Сақтандырушының сақтандырылушыны медициналық тексеруге құқығы және оны жүзеге асыру қағидасы	10
13-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	10
14-тарау. Сақтандыру шартының және сақтандыру арқылы қорғау әрекетінің мерзімі	12
15-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету аумағы	12
16-тарау. Сақтандыру төлемі: сақтандыру төлемінің мөлшері, жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері	12
17-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері	12
18-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері	13
19-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері	14
20-тарау. Сақтандыру сомасы. Жиынтықты сақтандыру сомасы	15
21-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар	15
22-тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі.....	15
23-тарау. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату	Ошибкa! Закладка не определена.
4-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру.....	16
24-тарау. Сақтандыру жағдайы	16
25-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар	16
26-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері	16
27-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері	17
5-бөлім. Мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру	17
28-тарау. Сақтандыру жағдайы	17
29-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар	18

30-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері	18
31-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері	18
6-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыру	19
32-тарау. Сақтандыру жағдайы	19
33-тарау. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі.....	19
34-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар	19
35-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері	19
36-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері	20
7-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алуы жағдайында сақтандыру.....	21
37-тарау. Сақтандыру жағдайы	21
38-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар	21
39-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері	21
40-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері	22
8-бөлім. Сақтандырылушының шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша тұрақты емделуге ауруханаға жатқызылуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру	23
41-тарау. Сақтандыру жағдайы	23
42-тарау. Сақтандыру сомасы. Жиынтықты сақтандыру сомасы	23
43-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері және жүзеге асыру тәртібі. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту	24
45-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері	26
9-бөлім. Сақтандырылушы ауыр сырқатының диагнозы бірінші рет қойылған жағдайда сақтандыру.....	Ошибка! Закладка не определена.
46-тарау. Сақтандыру жағдайы. Негізгі ереже.....	26
47-тарау. Ауыр сырқаттар	27
48-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері	28
49-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын жағдайлар.....	28
50-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері	29
10-бөлім. Қорытынды ереже	31
51-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары.....	31
52-тарау. Дауды шешу тәртібі	31
53-тарау. Қосымша талаптар.....	31

1-бөлім. Жалпы ереже

1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы

1. «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы, осы өмірді ерікті түрде топтық мерзімді сақтандыру Қағидасына сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру қағидасы), заңды тұлғалармен өмірді ерікті түрде топтық мерзімді сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасайды.

2-тарау. Терминдер және қысқартулар

2. Осы Сақтандыру қағидасында осы Сақтандыру қағидасын іске асыру мақсатында қолданылатын келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

1) Пайда алушы – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

2) еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылу (уақытша еңбекке жарамсыздық) – еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіруге немесе мүгедектікті белгілеуге қажет уақыт ішінде кәсіби еңбекті орындай алмағандықтан міндеттер бұзылатын аурулармен немесе жарақатпен ескертілген адам ағзасының жағдайы;

3) Сақтандырылушы – Сақтанушының сақтандыру жүзеге асырылатын қызметкері/жұмыскері;

4) жазатайым жағдай – адамның ерік-жігеріне қарамастан басталған, Сақтандырылушының денсаулығына зиян келуіне, мертігуіне не қайтыс болуына алып келген, оның ағзасына сырттан механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсер етуі нәтижесінде кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға (жағдай);

5) еркін сақтандыру арқылы өтеу лимиті – Компания анықтаған критерийлерге сәйкес келетін тұлғалар тобы бойынша сақтандыруға қабылданған тәуекелге қатысты ең үлкен сақтандыру сомасы;

6) жалған мәліметтер – Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру өтінішінде ұсынған, сақтандыру шарты жасалатын күнге шындыққа сәйкес келмейтін (сақтандыру объектісі туралы шын деректерге), сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының басталуына және ықтимал залалдың мөлшеріне әсер етуі мүмкін болатындай сақтандыру объектісі туралы мәліметтер, оған сәйкес Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы;

7) сақтандыру жағдайынан сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде басталған, Сақтандырылушының қайтыс болуына және/немесе мүгедектіктік белгіленген еңбекке қабілеттілігінен айырылуына және/немесе өмірі мен денсаулығына өзге де зиян келтірілуіне байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүддесі;

8) спортпен кәсіби шұғылдану – спортшының жаттығу күшін және спорт жарыстарына бұдан кейін қатысуын болжайтын, дайындалғаны және қатысқаны үшін сыйақы алатын, дене жаттығуларына байланысты белгілі бір спорт түрімен жүйелі түрде шұғылдануы;

9) спорттық жарыс – бірнеше қатысушының (командалардың) жарысқа қатысуын көздейтін, регламенті, қатысу қағидасы және жарысты ұйымдастыруға қажет басқа да белгілері бар ұйымдық іс-шара;

10) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына сақтандыру шарты жасалатын тұлғаға (Пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) аясында сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

11) Сақтанушы – Сақтандырушымен қызметкерлердің Өмірін сақтандыру шартын жасаған заңды тұлға;

12) сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) – Сақтандырушы сақтандыру төлемін Пайда алушыға Сақтандыру шартында анықталған мөлшерде жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы оған төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын мерзімді сақтандыру жарнасы түрінде бөліп төлеу көзделуі мүмкін;

13) сақтандыру мүддесі – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру жағдайының тәуекелін болдырмауға және басталуына жол бермеуге мүліктік мүддесі;

14) сақтандыру жағдайы - басталған кезде сақтандыру шарты сақтандыру төлемін сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіпте жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

15) сақтандыру сомасы – белгіленген бір Сақтандырылушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен тұратын ақша сомасы;

16) сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде не сақтандыру шартында белгіленген мерзім басталған кезде, Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы аясында төлейтін ақша сомасы;

17) дене жарақаты - Сақтандырылушының ағзасына сырттан механикалық, термикалық, электрлік немесе химиялық әсер етуі нәтижесінде туындайтын, жалпы тіннің, органдардың немесе барлық ағзаның зақымдануы;

18) шұғыл медициналық көрсеткіштер – медициналық көмек жылдам, әсіресе жағдай туындағаннан кейін бірінші тәулікте көрсетілуі тиіс көрсеткіштер және медициналық көмекті көрсетуден бас тарту немесе кешіктіру ағзаның ауыр қайта айналмайтын жағдайына алып келеді, тіпті өліммен аяқталуы мүмкін;

19) критическое заболевание – неизлечимое заболевание, вызывающее необратимые последствия для здоровья человека, возникновение которого смертельно опасно для жизни человека.

20) кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдері – ата-анасы, асырап алушылары, қамқоршысы, асырап алған ата-анасы, патронат тәрбиешісі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық танытуды, білім, тәрбие беруді, құқықтары мен мүддесін қорғауды жүзеге асыратын оларды ауыстыратын басқа да тұлғалар.

21) Осы Сақтандыру қағидасына сәйкес, Сақтандырылушының қауіпті (экстремалды) әрекеттері келесіні білдіреді:

- гидроциклмен жарысу, оны айдау, міну; гидроцикл (суда жүзетін мотоцикл) – су бетінде глиссирлеу арқылы қозғалуға арналған, ішкі жағы жанатын тұрақты қозғалтқышы бар жылдам дербес су көлігі (жүзу құралы);

- тауға шығу туризмі (альпинизм);

- парашютпен секіру;

- "серіппелі ағашаяқпен" — джампермен жүгіру және секіру;

- вейкбордпен, маунтинбордингпен жүру, міну (скейтбордингтің түрлері, тақтаның дөңгелектері үлкен, табиғи ландшафтқа мінуге болады);

- матадан жасалған қанаты бар арнайы костюммен ұшу (вингсьютинг);

- желкенді тақталармен түсу, жарысу, міну;

- арнайы велосипедтерде трюктер немесе кросс орындау (Bicycle Moto Cross (BMX));

- суға аквалангпен тереңдеу;

- дельтапланмен, мотодельтапланмен және олардың түрлерімен ұшу;

- қырдан мөлдір шармен (зорбе) түсу;

- спортшы сүйреткіш ауа жылан (кайт) ұстап тұратын және басқаратын ауырлық күшінің әсерімен су бетінде қозғалу;

- жүзу құралдарының көмегінсіз өзен арнасын меңгеру;

- бір орындық шағын кемеді (қайықта) ағызу;

- асфальт бетімен ұзын тақтада түсу (скейтке қарағанда жылдамырақ және бірқалыптырақ тебу үшін);

- таудан арнайы велосипедпен түсу (Маунтинбайк);

- парапланмен, мотопарапланмен және олардың түрлерімен ұшу;

- Pogo stick ("Шегіртке") секіру, сондай-ақ серіппесі, тұтқасы, басқысы мен негізгі платформасы бар секіруге арналған құрылғы – пого-стик деген атаумен белгілі;

- табиғи және (немесе) жасанды кедергілерден өтетін үрленетін қайықпен тау өзендерімен ағызу;

- жоғары объектілерден арнайы сақтандыру жібімен секіру (Роуп-джампинг, банджи-джампинг, "тарзанка");

- биік ғимараттардың шығуға қиын және қауіпті төбелеріне сақтандырусыз шығу;

- сёрфинг тақтасын немесе қысқа ласттарды және арнайы қолғаптарды қолдана отырып толқынмен сырғанау;
- адамның құралдары қалыпты емес күш жаттығуларын орындауы, мысалы, автокөлікті көтеру (күш экстрим);
- табиғи немесе жасанды рельефке шығу (Құзға шығу);
- скейтбордта (аунақшалы тақта) трюк орындау;
- қар басқан баурайдан және таудан арнайы шаңғымен, арнайы құралмен, сноубордпен түсу, тебу;
- шаңғыдағы, сноубордтағы немесе конькидегі ұстап тұратын кайттың көмегімен қар басқан жерлерде немесе мұзда сырғанау;
- құмда сноубордпен жүру. Көбінесе құм карьерінде немесе шөл далада жүзеге асырылады;
- үңгірден өту туризмі (спелеология);
- мотоциклді трюк жасай отырып айдау;
- кедергілерді велосипед, мотоцикл немесе жүк көлігі арқылы меңгеруге байланысты спорт шараларына қатысу (Триал);
- асфальт баурайдан арнайы құралмен түсу (фрибордпен);
- трюкті орындай отырып шығыршықты коньки тебу (Роллерблейдинг);
- әдетте, дайын тас жолынан тыс табиғи қырдан және таудан түсу, міну (фрирайд: тау шыңғысы және сноуборд, вело фрирайд);
- жекпе-жек – жеңімпазды анықтау мақсатында екі қатысушы айкаста тек дене күшін немесе әртүрлі спорт жабдығын және/немесе суық қаруды пайдалана отырып, бір-біріне білекпен қарсыласатын спорт жарысының түрі;
- аңшылық,
- атқа міну және кез келген жануарды пайдалана отырып жүру,
- әуе шарымен, аэростатпен, планермен және олардың түрлерімен ұшу;
- авто-мото және әуе спорт сабақтарының барлық түрлері;
- кез келген спорт жарыстарына қатысу;
- сондай-ақ жоғарыда аталған әрекет түрлері мен спорт сабақтарының өзге де барлық түрлері.

3. Қысқартулар:

- 1) Сақтандыру қағидасы – Өмірді ерікті түрде топтық мерзімді сақтандыру қағидасы;
- 2) Компания – «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 3) ӨТМС – өмірді топтық мерзімді сақтандыру.

2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері

3-тарау Осы Сақтандыру қағидасына сәйкес жасалатын сақтандыру шартының және қосымша талаптардың ерекшеліктері

4. 3-бөлімде көрсетілген талаптар өмірді топтық мерзімді сақтандыруға қатысты қолданылады. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына 3-бөлімде берілген талаптарға қосымша сақтандырудың қосымша талаптары кіргізілуі мүмкін.

5. Егер сақтандыру шартында сақтандыру шартына қосымша сақтандыру көзделген жағдайда ғана, сақтандыру шартының қосымша талаптары әрекет етеді.

6. Сақтандыру шартының қосымша талаптарына келесілер кіреді:

1) осы Сақтандыру қағидасының 4-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру;

2) осы Сақтандыру қағидасының 5-бөлімінде көрсетілген, Сақтандырылушыға:

а) кез келген себеппен бірінші немесе екінші топтағы (сырқаттануы немесе жазатайым жағдай нәтижесінде);

б) осы Сақтандыру қағидасының 5-бөлімінде көрсетілген сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай нәтижесінде 1, 2, 3 топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру (сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде);

3) осы Сақтандыру қағидасының 6-бөлімінде көрсетілген сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыру;

4) осы Сақтандыру қағидасының 7-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақаттарын алуы жағдайында сақтандыру;

5) осы Сақтандыру қағидасының 8-бөлімінде көрсетілген, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай нәтижесінде шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша Сақтандырылушының тұрақты емделуге ауруханаға жатқызылу жағдайында сақтандыру;

6) осы Сақтандыру қағидасының 9-бөлімінде көрсетілген Сақтандырылушы ауыр сырқатының диагнозы бірінші рет қойылған жағдайда сақтандыру (бұдан әрі – Сақтандырылушы ауыр сырқаттанған жағдайда сақтандыру).

7. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандырудың қосымша талабын бірге де, әрқайсысын бөлек те таңдай алады.

8. Осы Сақтандыру қағидасының 4-9-бөлімдерінде өзгеше тікелей көзделген жағдайды қоспағанда, оның 3-бөлімінде көрсетілген ереже аталған бөлімдерде көрсетілген сақтандыру шартының қосымша талаптарына қолданылады.

9. Сақтандыру шартына қосымша талаптарды кіргізу үшін, Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша сақтандыру өтінішінде Сақтандырушыға көрсетуге міндетті. Сақтандырушы сақтандыру шартына қосымша талапты кіргізуге келіскен кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға осы Сақтандыру қағидасында анықталған тәртіпте тиісті мәліметтер көрсетілген Сақтандыру шартын береді.

10. Осы Сақтандыру қағидасының 4-9 бөлімдерінде көрсетілген талаптар пайдаға қатысатын өмірді топтық мерзімді сақтандыру бойынша сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша талаптар болып табылады (осы Сақтандыру қағидасының 3-бөлімі) және аталған соңғы талаптарсыз сақтандыру шартына кіргізілмейді.

11. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде толық көлемде төлеген кезде, қосымша талаптар Сақтандыру шартында көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді.

3-бөлім. Өмірді топтық мерзімді сақтандыру

4-тарау. Сақтандыру шартының мәні

12. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге міндетті.

13. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асыруға міндетті.

5-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

14. Бір құжат болатын «Сақтандырылушар тізімі» қосымшасы бар Сақтандыру шартын Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша екі данада әзірлеу арқылы Сақтандыру шарты жазбаша жасалады.

15. Сақтандырушының атынан Сақтандыру шартына қол қою құқығы тек Сақтандырушы Басқармасының төрағасына (оны ауыстыратын тұлғаға) немесе Басқарма төрағасы (оны ауыстыратын тұлға) қол қойған сенімхат негізінде осындай құжаттарға Сақтандырушы атынан қол қоюға уәкілетті Сақтандырушы қызметкеріне тиесілі. Егер ішкі актілерде (нұсқауларда, бұйрықтарда, қағидада) немесе Сақтандырушы берген тиісті сенімхатта өзгеше көзделмеген болса, сақтандыру агенттерінің және сақтандыру брокерлерінің Сақтандырушы атынан Сақтандыру шартына және оның қосымшаларына қол қоюға құқықтары жоқ.

16. Сақтандыру шартын жасау үшін, Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша сақтандыру өтінішін Сақтандырушыға ұсынуға міндетті.

17. Егер сақтандыру жағдайы Сақтандырушыға белгілі болмаса немесе белгілі болмауы тиіс болса, Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) Сақтандыру шартын

жасау кезінде бұл жағдайлардың басталу ықтимал анықтау үшін айтарлықтай маңызы бар, өзіне белгілі болған мәліметтерді сақтандыру өтінішінде хабарлауға міндетті.

18. Сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде Сақтандырушының Сақтанушыға шарт жасалатын кезеңде жіберілген жазбаша сақтандыру өтінішінде немесе жазбаша сұратуларында көрсетілген, осы Сақтандыру қағидасында анық ескертілген сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігіне және ықтимал залалдың мөлшеріне әсер етуі мүмкін болатын жағдайлар кез келген жағдайда маңызды болып табылады.

19. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 18-тармағында көрсетілген жағдайлар туралы көрнекі жалған мәліметтерді хабарлағаны белгіленетін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының жарамсыз деп танылуын талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру шартының өткен мерзімі үшін тартылған шығысты шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарнасын қайтарады, ал егер сақтандыру төлемі жүргізілген болса, төленген соманың қайтарылуын талап етуге құқылы.

20. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыру өтініші, Осы сақтандыру шартында анық ескертілген өзге де құжаттар сақтандыру шартының қосымшасы оның ажырамас бөлігі болып табылады.

21. Егер Сақтандыру шарты Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына Сақтанушының жауаптары болмаған кезде жасалған болса, Сақтанушының тиісті жағдайларды хабарламауына байланысты, салдарынан Сақтандырушы шарттың бұзылуын немесе оның жарамсыз деп танылуын талап ете алмайды.

22. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптар толық болмағаны үшін жауапкершілікті Сақтандырушы көтереді. Сақтандыру шартының жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан аталған шарт бойынша дау туындаған жағдайда, ол Сақтанушы пайдасына шешіледі.

6-тарау. Сақтандыру шартын жасау және орындау кезінде Сақтанушы ұсынатын мәліметтер

23. Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырылушылардың туған жылы, сұратылатын сақтандыру сомасы, денсаулығының іс жүзіндегі жағдайы, Сақтандырылушылардың кәсібі, еңбек жағдайлары туралы ақпаратты және сақтандыру жағдайының басталу ықтималын анықтау үшін айтарлықтай маңызы бар Сақтандырушы сұрататын басқа да мәліметтерді хабарлауға міндетті.

24. «Сақтандырылушылар тізімінде» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрбір Сақтандырылушыға қатысты талап етілетін мәліметтер (ЖСН, резиденттік белгісі және экономика секторы) болуы тиіс.

25. Жұмысқа қайта қабылданған қызметкерді «Сақтандырылушылар тізіміне» қабылдау үшін, Сақтанушы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде Сақтандырушыға мұндай қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты, туған жылы, лауазымы (және/немесе ол орындайтын міндеттердің (қызметтік) сипаттамасы) және сұратылатын сақтандыру сомасы көрсетілген тиісті жазбаша өтініш ұсынуға міндетті.

26. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмеген болса, жұмысқа қайта қабылданған қызметкер «Сақтандырылушылар тізіміне» кіргізілген болып табылады және Сақтанушы ұсынған мәліметтер шынайы болғанда және/немесе Сақтандырушы өзге де қажет ақпаратты сұратпаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан тиісті Өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ осы қызметкер бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу жүзеге асырылғаннан кейін аталған қызметкер Сақтандырылушы болады.

27. Сақтандырушы Сақтандыру шартын жасау нәтижесінде Сақтанушының (Пайда алушының) мүлктік жағдайы, Сақтандырылушылардың денсаулығы жағдайы және Сақтандыру шартының өзге де талаптары туралы алған мәліметтерді жария етуге құқылы емес.

7-тарау. Сақтандырылушы тұлғаға қойылатын талаптар

28. Келесі талаптарға сәйкес келетін еңбекке қабілетті жеке тұлға Сақтандырылушы болып табылады:

- 1) 18 (он сегіз) жастан кіші емес;

2) бұл ретте сақтандырылушының жасы сақтандыру шартының әрекет мерзімі аяқталатын күнге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жастан аспауы тиіс;

3) Тараптардың келісімімен Сақтандыру шартында Сақтандырылушыға қатысты өзге де талаптар белгіленуі мүмкін.

29. Сақтандыруға келесі тұлғалар кез келген жағдайда қабылданбайды:

1) егер сақтандыру шартының талаптарында өзгеше белгіленбеген болса, кез келген топтағы мүгедектер болып табылатын тұлғалар;

2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған тұлғалар;

3) қылмыс жасағаны үшін қылмыстық-атқарушылық жүйе мекемесінде жазасын өтеуші тұлғалар;

4) Сақтандырушы андеррайтері қабылдамаған тұлғалар.

8-тарау. Сақтандыру жағдайы

30. Осы Сақтандыру қағидасының талаптарына сәйкес Сақтандырылушының кез келген себеппен (сырқаттану немесе жазатайым жағдай нәтижесінде) қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табылады. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаның келесі белгілері бар болуы тиіс:

1) оның басталу ықтималы және кездейсоқтығы;

2) оқиғаның басталған нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталған нәтижесінде залал мөлшеріне қатысты болжай алмау;

3) оқиғаның болмай қалмауы және шарт әрекеті аясында әділ орын алуы тиіс екені туралы қауіптің болмауы, бұл туралы тараптар немесе қалай болғанда да сақтанушы әдейі білген немесе алдын ала хабардар болуы;

4) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдары бар оқиғаның басталуы;

5) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) ерік білдіруімен және (немесе) ниетімен байланысы жоқ және пайда көру мен (немесе) ұту мақсатын (алып-сатарлық тәуекел) көздемейтін оқиғаның басталуы.

9-тарау. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі

31. Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартында әрбір таңдалған сақтандыру өтемі бойынша әр Сақтандырылушыға белгіленеді.

32. Сақтандырудың жекелеген талаптарында төленуі тиіс сақтандыру төлемдерінің мөлшерін шектеу талаптары бар болуы мүмкін, олардың негізінде әрбір белгіленген басталған сақтандыру жағдайы бойынша, бір нақты Сақтандырылушыға сақтандыру сомасының мөлшері белгіленеді.

33. Бір Сақтандырылушымен болған белгілі бір сақтандыру жағдайы бойынша осыған дейін сақтандыру төлемдері жүргізілген болса және салдарынан аталған Сақтандырылушымен басқа да сақтандыру жағдайлары орын алған болса, онда осыдан кейін болған сақтандыру жағдайы бойынша жүзеге асырылуы тиіс сақтандыру төлемдерін анықтау кезінде тиісті Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшері сәйкесінше, осыған дейін жүргізілген сақтандыру төлемдерінің сомасына азайтылады.

34. Кез келген жағдайда, әрбір Сақтандырылушыға қатысты барлық сақтандыру төлемдерінің мөлшері әрбір Сақтандырылушы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімдері

35. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді біржолғы немесе мерзімдік (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық, айлықтық) сақтандыру жарнасы түрінде тиісті Сақтандыру шартында көрсетілген мөлшерде бөліп жүргізеді.

36. Сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігі және оған тиесілі мөлшері тиісті Сақтандыру шартында көрсетіледі. Аталған кезеңдер мерзімінің өтуі (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық немесе айлықтық) тиісті Сақтандыру шартына қол қойылған күннен басталады.

37. Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) Сақтандырушының банк шотына қолма-қол ақшасыз төлем арқылы (аударым) төленеді.

38. Сақтанушы әрбір сақтандыру жарнасы сәйкес келетін кезең басталғанға дейін мұндай сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті. Егер Сақтанушы сақтандыру жарнасын Сақтандыру шартында көрсетілген мерзім өткенге дейін жүзеге асырмаған болса, бұл сақтандыру жарнасының мерзімі өткен болып есептеледі.

39. Сақтандыру жарнасын төлеуді немесе аударуды жүзеге асыруға байланысты шығыс пен тәуекелді Сақтанушы көтереді.

40. Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) уақтылы төленбеген кезде, Сақтандырушы төлем мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы төленбеген сомадан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуін талап етуге құқылы.

41. Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) Шартта көрсетілген мерзімге дейін толық мөлшерде төленбеген жағдайда, Сақтандырушы кезекті сақтандыру жарнасы төленетін мерзімі өткен күннен кейінгі келесі күннен бастап осы Шарт бойынша сақтандыру арқылы қорғау әрекетін біржақты тәртіпте тоқтатады. Бұл ретте, Сақтандырушы сақтандыру арқылы қорғау әрекеті тоқтатылатын кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша жауап бермейді.

11-тарау. Пайда алушы

42. Сақтанушы Сақтандырылушыны тағайындайды және Сақтандыру шартында көрсетеді. Егер Сақтандыру қағидасының бөлек Бөлімінде (Талабында) өзгеше көзделмеген болса, ол Сақтандырылушыны, Сақтанушыны, сондай-ақ өзге де тұлғаны тағайындауы мүмкін.

43. Егер Пайда алушы болып Сақтандырылушы емес, өзге тұлға тағайындалса, Сақтандырылушының жазбаша келісімі қажет.

44. Егер Сақтандыру шартында Пайда алушы көрсетілмеген жағдайда, онда Пайда алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

Егер Пайда алушы жасы он төртке жетпеген кәмелетке толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығына Сақтандырушыға ұсынылатын растаушы құжаттар негізінде Пайда алушының кәмелетке толмаған өкілі ие болады. Егер Пайда алушы он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында регламенттелген тәртіпте белгіленеді.

45. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде мұндай жағдай заң бойынша немесе Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіздеме болса, Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемінің барлық сомасын қайтаруға міндетті.

12-тарау. Сақтандырушының сақтандырылушыны медициналық тексеруге құқығы және оны жүзеге асыру қағидасы

46. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушы медициналық тексеруге белгілеген медициналық мекемеде сақтандырылатын тұлғаға (Сақтандырылушыға) мұндай тексеруді тағайындауға құқылы. Сақтандырылатын тұлға (Сақтандырылушы) медициналық тексерудің өткізілуінен бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

47. Медициналық тексеру Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлғаның (Сақтанушының) немесе сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылушының) есебінен жүргізіледі.

13-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

48. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, оның телнұсқасын алуға;
- 2) Сақтандырушымен келісе отырып, Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге;
- 3) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға;
- 4) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

5) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруін талап етуге;

6) сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

7) Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

49. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;

2) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабардар етуге;

3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей, қандай жағдайда да тезарада бұл туралы хабардар етуге. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімдерде дәлелді себептермен хабардар ете алмаған болса, онда ол уақтылы хабардар етпеуінің себебі туралы жазбаша түсінік беруі және бар болса құжат арқылы растауы тиіс. Бұл ретте, егер Сақтанушының Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі өз еркінен тыс болған себептермен ескерілген болса және аталған деректі растайтын тиісті құжаттар ұсынылған болса, онда мұндай жағдайда хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыруынан бас тартуға негіз болмайды.

Сақтанушының еркінен тыс болған жағдайлар хабардар етпеуге немесе уақтылы хабардар етпеуге дәлелді себеп болып табылады, атап айтқанда: еңсерілмейтін күш жағдайлары, яғни мұндай жағдайларда төтенше және ырық бермейтін жағдайлар (форс-мажор), соның ішінде табиғи құбылыстармен, әскери іс-қимылдармен және т.б. шектелмейді;

4) сақтандырудың осы талаптарын бойынша сақтандыру жағдайларын ескертуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

5) Сақтандыру шартында көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

50. Сақтандырушы құқылы:

1) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты тексеруге;

2) Сақтанушының Сақтандыру шарты талаптарын орындағанын кез келген уақытта тексеруге, бұл ретте Сақтанушы оған мұндай жағдайда кедергі келтіруге құқылы емес;

3) Сақтандыру шартындағы талаптардың бұзушылықтарын (Сақтанушының бұзғанын анықтағанда) жою бойынша жазбаша нұсқаулар беруге;

4) құзыретті органдардан сақтандыру жағдайы туралы барлық қажет ақпаратты сұратуға;

5) Сақтандыру шартында және осы Сақтандыру қағидасында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;

6) Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

51. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде жүргізуге;

2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

3) Сақтанушыны осы Сақтандыру қағидасымен таныстыруға және оның талап етуімен Сақтандыру қағидасының көшірмесін ұсынуға (жіберуге), сондай-ақ сақтандырудың барлық талаптарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

4) Сақтанушы немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажет барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, Сақтанушыдан құжаттарды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды жетпейтін құжаттар туралы хабардар етуге;

5) Сақтандыру шартының түпнұсқасы жоғалғанда, Сақтанушының талап етуімен оған Сақтандыру шартының телнұсқасын беруге;

6) Сақтандыру шартында көзделген басқа да міндеттерді орындауға.

Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілерде Сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

14-тарау. Сақтандыру шартының және сақтандыру арқылы қорғау әрекетінің мерзімі

52. Сақтандыру шарты жасалған күннен бастап (Сақтандырушы мен Сақтанушының қолы қойылған), ал сақтандыру мерзімінің әрекетіне және сақтандыру арқылы қорғау мерзіміне қатысты Сақтандыру шартында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және Сақтандыру шартында көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді. Сақтандыру арқылы қорғау Сақтандыру шартында көрсетілген күннен басталады және Сақтандыру шартының әрекет мерзімі аяқталғанға дейін әрекет етеді.

53. Сақтандыру шартында Сақтандыру шарты әрекетінің немесе сақтандыру арқылы қорғау әрекетінің өзге кезеңі көзделуі мүмкін.

54. Кез келген қызметкерге қатысты Сақтандыру шартының әрекеті аталған қызметкер Сақтандыру шартында көзделген жасқа толатын күнге немесе жұмыстан босатылатын күнге тоқтатылады. Сақтанушы Сақтандырушыны жұмыстан босатылған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде жұмыстан босатылған барлық қызметкер туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

15-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету аумағы

55. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, сондай-ақ одан тыс жерлерде де әрекет етеді. Сақтандыру аумағы Сақтандыру шартында көрсетіледі.

16-тарау. Сақтандыру төлемі: сақтандыру төлемінің мөлшері, жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері

56. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде жүзеге асыруға міндетті сақтандыру төлемдерінің мөлшері Сақтандыру шартында анықталады.

57. Егер Сақтанушының Сақтандырылушы туралы дұрыс емес, шынайы емес не қате ақпаратты ұсынуы нәтижесінде аталған Сақтандырылушыға қатысты төленген сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері мұндай ұсыну болмағанда есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерінен кем болса, онда сақтандыру төлемі тепе-тең азайтылатын болады.

58. Егер Осы сақтандыру қағидасының тиісті Бөлімінде немесе Сақтандыру шартында өзгеше көзделмеген болса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе барлық қажет құжаттар ұсынылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға міндетті.

17-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

59. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан басталған болса, осы сақтандыру қағидасының тиісті Бөлімдерінде көзделген негіздерден басқа, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық бас тартуға құқылы:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерімен;
- 2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;
- 3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;
- 4) қажет қорғаныс жағдайында және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оны болдыратын қасақана әрекеттерімен;
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;
- 6) Сақтандырылушы немесе Пайда алушы тарапынан кез келген алаяқтық немесе Сақтандырылушы денсаулығының деректерін алдын ала жасыру;
- 7) өзін-өзі өлтіру немесе өзін-өзі өлтіру әрекеті осы сақтандыру шартының үздіксіз әрекетінің алғашқы екі жылы ішінде болған жағдайды қоспағанда, мұндай өзін-өзі өлтіруі немесе өзін-өзі өлтіру әрекеті;
- 8) Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;

9) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масандық жағдайда болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масандық жағдайында болуы;

10) маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;

11) Сақтандырылушының осы Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

12) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылданған кезде аталған ақпаратты бермеген болса және бұл ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен шұғылдану;

60. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіздеме келесілер болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі туралы көрнекі жалған мәліметтерді, сондай-ақ Сақтандырылушыға медициналық тексеру жүргізілген жағдайды қоспағанда, Сақтандыру шартына сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де мәліметтерді хабарлауы;

2) аталған тұлғалардың кез келген әрекеттерінде/әрекетсіздіктерінде көрініс тапқан сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға кедергі келтіруі, сондай-ақ Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы жалған мәліметтер хабарлауы;

3) сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде бұл жағдайлардың басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпегенде. Егер Сақтанушы/Сақтандырылушы өз еркінен тыс дәлелді себептермен Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы осы тармақшада белгіленген мерзімдерде хабардар ете алмаған болса, онда мұндай жағдайда Сақтандырушының хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіздеме бола алмайды. Сақтанушының еркінен тыс болған жағдайлар хабардар етпеуге немесе уақтылы хабардар етпеуге дәлелді себеп болып табылады, атап айтқанда: еңсерілмейтін күш жағдайлары, яғни мұндай жағдайларда төтенше және ырық бермейтін жағдайлар (форс-мажор), соның ішінде табиғи құбылыстармен, әскери іс-қимылдармен және т.б. шектелмейді. Сақтанушы/Сақтандырылушы еңсерілмейтін күш жағдайларын құжат түрінде растауы тиіс.

61. Сақтандырушы келесілер үшін сақтандыру төлемін жүргізбейді:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) жанама коммерциялық шығасысын, шығасыны (айыппұл, тұрақсыздық айыппұлы және т.б.), жіберілген пайда түріндегі залалды;

2) моралдық зиян;

3) сот шығыны.

62. Егер Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру арқылы қорғау кезеңі тәуліктің белгіленген уақыт кезеңімен шектелген жағдайда және сақтандыру жағдайы көрсетілген кезеңнен тыс уақытта басталған жағдайда, Сақтандырушы осындай сақтандыру жағдайына қатысты сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемелерін орындамайды.

18-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері

63. Сақтанушы (Пайда алушы) өзіне сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болғаннан кейін қалай болғанда да сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны тезарада хабардар етуге міндетті. Егер Сақтанушының (Пайда алушының) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімде дәлелді себептермен хабардар ету мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабардар етпеу себебі туралы жазбаша түсініктеме беруі тиіс және бар болса құжат бойынша растауы тиіс.

64. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарлама еркін түрде жазбаша әзірленіп, Сақтанушының (Пайда алушының) қолы қойылады және міндетті түрде келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) Сақтандыру шартының нөмірі, жасалған күні және оның атауы;
- 2) Сақтандырылушының тегі, аты және әкесінің аты;
- 3) Сақтанушының атауы;
- 4) сақтандыру жағдайы және басталған жағдайлар басталған күнге;
- 5) хабарламаны ұсынатын тұлғаның қарауы бойынша өзге де мәліметтер.

65. Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

66. Сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы Пайда алушыға (Сақтанушыға) қабылданған құжаттардың толық тізбесі көрсетілген анықтаманы ұсынады.

67. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

68. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын және себептерін тексеруге құқылы.

69. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы шешімді қабылдауға не оны жүзеге асырудан бас тарту туралы себептемелі шешімді ұсынуға міндетті.

70. Сақтандыру жағдайы бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, құқық қорғау органдары немесе сот тиісті шешім қабылдаған күнге дейін Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мерзімін кейінге қалдыруға құқылы, бұл ретте Сақтандырушы Пайда алушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттілігі туралы хабардар етеді.

71. Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер сақтандыру төлемінің ақшасын төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылатын болса, төлем немесе аударым шығысы Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

72. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

19-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері

73. Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде қайтыс болуы сияқты басталған сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) туралы мәліметтерді;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелерін: алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, жинақ, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 4) Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы куәліктің және қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 5) Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы медициналық куәліктің (дәрігерлік) көшірмесін (бар болса);
- 6) химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелері бар қайтыс болу себептері мен жағдайлары туралы сот-медициналық сараптама немесе патологиялық анатомиялық зерттеу қорытындысының осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қол қоюымен (егер сараптаманың немесе зерттеудің жүргізілуі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген болса) куәландырылған көшірмесін;
- 7) егер Сақтандырылушының қайтыс болуы стационарда орын алған болса, Сақтандырылушының медициналық картасы (сырқатнама) үзінді көшірмесінің медициналық

мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған көшірмесін;

8) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін, бар болса.

74. Сақтандырушы келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

1) Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы;

2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы (оқиға орнын қарау хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптама қорытындысы) материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелері;

3) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – өндірістегі жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;

4) Сақтандырушы сұрататын, сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құжаттарды

75. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмеген болса, қандай да бір құжаттарды берген немесе олардың көшірмелерінің түпнұсқалары бар заңды тұлғаның мөрімен және оның басшысының қол қоюымен куәландырылған көшірмелер ұсынылуы мүмкін.

20-тарау. Сақтандыру сомасы. Жиынтықты сақтандыру сомасы

76. Егер Сақтандырылушы кез келген себеппен қайтыс болған жағдайда, бір Сақтандырылушыға тиесілі сақтандыру сомасы оның 12 (он екі) жылдық жалақысынан көп болмауы тиіс. Сақтандырушымен бұл тәуекел келісілген кезде, Сақтандыру шартында бір Сақтандырылушыға тиесілі сақтандыру сомасының өзге мөлшері белгіленуі мүмкін.

77. Сақтандыру сомасы Сақтандырылушылардың әрбір тобында жеке анықталатын және сақтандырылатындардың саны мен сақтандыру сомасының мөлшеріне байланысты еркін сақтандыру өтелімінің лимитінен асқан кезде, Сақтандырылушыға медициналық тексеру тағайындалуы, тәуекел қаржылық бағалануы мүмкін.

78. Сақтандыру туралы шешім қабылдау үшін, Сақтандырушы әрбір қызметкер бойынша қосымша ақпарат сұратуы мүмкін: Сақтандырылушы белгілеген үлгі бойынша өзі жазып-толтырған Денсаулық, сондай-ақ медициналық тексеруден өткені туралы декларациялар.

79. Егер Сақтандыру шартында бір Сақтандырылушыға тиесілі сақтандыру сомасының өзге мерзімі белгіленбеген болса, Сақтандырылушы жазатайым жағдай себебінен қайтыс болған жағдайда, бір Сақтандырылушыға тиесілі сақтандыру сомасы оның 12 (он екі) жылдық жалақысынан көп болмауы тиіс.

21-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

80. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар осы Сақтандыру қағидасының 17-тарауындағы ережемен шектелмей, Сақтандыру шартында көзделеді.

22-тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі

57. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру өтінішінде көрсетілген оның орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайына хабарлама жібереді.

58. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жері өзгертілген кезде, Сақтандырушыға жаңа мекенжайын онкүндік мерзімде хабарлауға міндетті. Басқалай жағдайда, тараптар алдыңғы орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайына жіберілген хабарламаны орындаған (жарамды) болып есептеледі.

59. Егер Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасында сенім білдірілген, Сақтанушыға хат-хабарлардың жеткізілуіне жауапты тұлғаны көрсетуге міндетті.

23-тарау. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

60. Осы Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзу Тараптардың келісімімен немесе Тараптардың бірінің бастамасымен жүзеге асырылады. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату өтінішін ұсына отырып, сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

61. Бір Тарап осы Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзатыны туралы болжамды күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын басқа Тарапты жазбаша хабардар еткеннен кейін, аталған Шартты мерзімінен бұрын бұзу Тараптардың бірінің бастамасымен жүзеге асырылады. Бұл ретте жазбаша хабарламада Сақтандыру шарты әрекетінің тоқтатылатын күні көрсетілуі тиіс.

62. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру жарнасын осы Шартта көзделген мерзімде және көлемде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға хабарлама жібереді және осы Шарт мұндай хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып есептеледі.

63. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы сақтандыру әрекет еткен уақытқа тепе-тең сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқылы. Бұл ретте Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушының істі жүргізуге жұмсалған, сақтандыру сыйлықақысының 30 % (отыз пайыздан) аспайтын мөлшердегі әкімшілік шығысын шегере отырып, Сақтанушыға қайтарылады.

4-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру

24-тарау. Сақтандыру жағдайы

64. Жазатайым жағдай басталған сәттен бастап 6 (алты) ай ішінде жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады.

65. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада осы Сақтандыру қағидасының 30-тармағында көрсетілген белгілер бар болуы тиіс.

25-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

66. Егер Сақтандырылушының қайтыс болуы осы Сақтандыру қағидасының 17-тарауында көзделген негіздерден басқа, келесілермен тікелей немесе жанама байланысты болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;
- 2) кез келген аурумен және жарықпен;
- 3) жүрек ұстамасымен, апоплексия соғуымен, қояншық талмамен, конвульсивті ұстамамен;
- 4) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушы алған дене жарақаттарын емдеу үшін тікелей қажет емді немесе отаны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық жолмен емдеу немесе ота жасау.

26-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері

67. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.

68. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері әрбір Сақтандырылушы бойынша сақтандыру сомасына тең.

27-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері

69. Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтінішке Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру қағидасының 19-тарауы 73, 74 тармақтарында көзделген құжаттарды;
- 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, полиция);
- 3) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайына, оның себептеріне қатысты құжаттарды (түпнұсқалар немесе нотариаттық куәландырылған көшірмелер);
- 5) Сақтандырушы сұрататын, сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құжаттарды.

70. Сақтандырушыға құжаттардың түпнұсқалары не олардың нотариаттық куәландырылған көшірмелері ұсынылады. Сондай-ақ қандай да бір құжаттарды берген немесе олардың көшірмелерінің түпнұсқалары бар заңды тұлғаның мөрімен және оның басшысының қол қоюымен куәландырылған көшірмелер ұсынылуы мүмкін.

71. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

72. Сақтанушы (Пайда алушы) немесе Сақтанушының (Пайда алушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша осы Тараудың 69-71 тармақтарында көрсетілген құжаттарды өз есебінен ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

73. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын және себептерін тексеруге құқылы.

74. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті.

75. Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

76. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

77. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі Сақтандыру қағидасының осы Тарауында көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

5-бөлім. Мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру

28-тарау. Сақтандыру жағдайы

78. Сақтандырылушының кез келген себеппен бірінші немесе екінші топтағы немесе осы тармақта көрсетілген сақтандыру талаптары бойынша сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған ЖЖ нәтижесінде бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектік белгіленген еңбекке қабілеттілігінен айырылуы Сақтандырылушыны мүгедектікке алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру талаптары бойынша сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады. Бұл ретте бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектік Сақтандырылушыға жазатайым жағдай басталған сәттен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей белгіленуі тиіс.

79. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада осы Сақтандыру қағидасының 30-тармағында көрсетілген белгілер бар болуы тиіс.

80. Сақтандырылушының мүгедектігі тобын, оның басталған себептерін, мерзімдерін және уақытын анықтауды Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға еңбекке қабілеттілігінен айырылу (мүгедектігі) дәрежесін белгілеуге уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган) жүргізеді.

29-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

81. Осы қағиданың 17-тарауында көзделген негіздерден басқа, егер кез келген себеппен бірінші немесе екінші топтағы немесе жазатайым жағдай нәтижесінде бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі келесі жағдайлармен тікелей немесе жанама байланысты болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;
- 2) кез келген аурумен және жарықпен;
- 3) жүрек ұстамасымен, апоплексия соғуымен, қояншық талмамен, конвульсивті ұстамамен;
- 4) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушы алған дене жарақаттарын емдеу үшін тікелей қажет емді немесе отаны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық жолмен емдеу немесе ота жасау.

82. Егер аталған мүгедектік сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін 6 (алты) ай өткен соң белгіленген болса, Сақтандырылушының мүгедектігі белгіленген еңбекке қабілеттілігінен айырылуы сақтандыру жағдайы болып табылмайды.

30-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері

83. Сақтандырылушыға кез келген себеппен бірінші немесе екінші топтағы немесе ЖЖ нәтижесінде бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектік белгіленген мүгедектікке алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.

84. Сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді.

31-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері

85. Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, оның ЖСН.
 - 2) Пайда алушының банктік деректемелері – алушы банктің атауы, салық салушының куәлігі, банктің ЖСН, БСК, ЖСК, жинақ, ағымдағы немесе карт-шоты;
 - 3) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері, залал мөлшері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық қорғау органдары);
 - 4) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – өндірістегі жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
 - 5) Сақтандырылушының мүгедектігі туралы уәкілетті мемлекеттік орган анықтамасының нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
 - 6) медициналық мекеме берген медициналық картасының үзінді көшірмесін және берген медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған үзінді көшірменің көшірмесін;
 - 7) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
 - 8) рентгенологтың рентген-кескінді сипаттауы немесе таныстыру үшін рентген-кескінді (бар болса);
 - 9) андай да бір құжаттарды берген немесе олардың көшірмелерінің түпнұсқалары бар заңды тұлғаның мөрімен және оның басшысының қол қоюымен куәландырылған көшірмелерді.
86. Сақтандырушы келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

1) берген мекеменің мөрімен куәландырылған алдын ала және медициналық тексерулердің қорытындысы;

2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелері;

3) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын.

87. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

6-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыру

32-тарау. Сақтандыру жағдайы

88. Сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде туындаған жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының жалпы уақытша еңбекке қабілеттілігінен айырылуы сақтандырудың осы талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

89. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада осы Сақтандыру қағидасының 30-тармағында көрсетілген белгілер бар болуы тиіс.

33-тарау. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі

90. Жазатайым жағдай себебінен еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылуы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында белгіленеді.

34-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

91. Егер Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жазатайым жағдай нәтижесінде басталса және келесі жағдайлармен тікелей немесе жанама байланысты болса, растаушы құжаттар бар болғанда, Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 17-тарауында көзделген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың өзге де негіздерінен басқа сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

1) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;

2) кез келген аурумен және жарықпен;

3) жүрек ұстамасымен, апоплексия соғуымен, қояншық талмамен, конвульсивті ұстамамен;

4) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушы алған дене жарақаттарын емдеу үшін тікелей қажет емді немесе отаны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық жолмен емдеу немесе ота жасау.

35-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері

92. Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығының белгіленуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді.

93. Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 36-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

94. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

36-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері

95. Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
- 2) Пайда алушының банктік деректемелерін, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 3) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері, залал мөлшері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық қорғау органдары);
- 4) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 5) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;
- 6) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 7) рентгенологтың рентген-кескінді сипаттауы немесе таныстыру үшін рентген-кескінді (бар болса);
- 8) уақытша еңбекке жарамсыздығы парағын (анықтамасын);
- 9) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – өндірістегі жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 10) Сақтандырушы сұрататын, сақтандыру жағдайына жататын және/немесе заңнамада көзделген басқа да құжаттарды.

96. Сақтандырушы келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

- 1) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы (оқиға орнын қарау хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптама қорытындысы) материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелерін.

97. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

90. Сондай-ақ қандай да бір құжаттарды берген немесе олардың көшірмелерінің түпнұсқалары бар заңды тұлғаның мөрімен және оның басшысының қол қоюымен куәландырылған көшірмелер ұсынылуы мүмкін.

98. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға өз есебінен Сақтандырушының сұратуы бойынша осы жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

99. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

100. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

101. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе аударым шығысы Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

102. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

103. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі Сақтандыру қағидасының осы Тарауында көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

7-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақаттарын алуы жағдайында сақтандыру

37-тарау. Сақтандыру жағдайы

104. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде келтірілген дене жарақаттары Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

105. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада осы Сақтандыру қағидасының 30-тармағында көрсетілген белгілер бар болуы тиіс.

38-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

106. Егер жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуі келесі жағдайлармен тікелей немесе жанама байланысты болса, Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 17-тарауында көзделген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың өзге де негіздерінен басқа сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;
- 2) кез келген аурумен және жарықпен;
- 3) жүрек ұстамасымен, апоплексия соғуымен, қояншық талмамен, конвульсивті ұстамамен;
- 4) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушы алған дене жарақаттарын емдеу үшін тікелей қажет емді немесе отаны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық жолмен емдеу немесе ота жасау.

107. Сақтандырушы сақтандыру төлемін тек «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» ескертілген дене жарақаттары бойынша жүзеге асырады.

108. Сақтандыру төлемінің мөлшері «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесіне» сәйкес белгіленеді. «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесі» сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

109. Сақтандырушы «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» ескертілмеген дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

39-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері

110. Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтінішке Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
- 2) Пайда алушының банктік деректемелерін, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 3) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері, залал мөлшері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық қорғау органдары);
- 4) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – өндірістегі жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 5) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;

6) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;

7) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;

8) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;

9) рентгенологтың рентген-кескінді сипаттауы немесе таныстыру үшін рентген-кескінді (бар болса);

10) Сақтандырушы сұрататын, сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құжаттарды.

91. Сақтандырушы келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

1) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы (оқиға орнын қарау хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптама қорытындысы) материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелері;

2) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын.

111.Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

112.Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

113.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

114.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі Сақтандыру қағидасының осы Тарауында көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

40-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері

115.Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартының қосымшасында бөлек көрсетіледі.

116.Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру бойынша осыған дейін жүргізілген сақтандыру төлемінің (жүргізілген сақтандыру төлемдерінің) сомасына, сақтандыру жылы ішінде автоматты түрде азайтылуы тиіс.

117.Сақтандырушы Сақтандырылушыға дене жарақаттарының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесіне" сәйкес Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасының пайыздарымен анықталады.

118.Бір жазатайым жағдай нәтижесінде басталған және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір бөлімінде ескертілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің мөлшері ең үлкен жарақатты көздейтін тармаққа сәйкес жүргізіледі. Егер дене жарақаттары белгілі бір бөлімнің бір бабындағы әртүрлі тармақтарында немесе бір бөлімнің әртүрлі баптарындағы әртүрлі тармақтарында келтірілген жағдайда мұндай тәртіп қолданылады.

119. Бір жазатайым жағдай нәтижесінде басталған және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір бөлімінде ескертілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаты бойынша бөлек жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы аталған өтелім бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

120. "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі дене жарақаттарының санына қарамастан, аталған тармаққа сәйкес біржолғы белгіленген мөлшерде жүргізіледі.

121. Сақтандыру төлемінің мөлшері дене жарақаты болған жағдайда аяқ-қолдың бір мүшесіне белгіленген (егер "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінде" өзгеше ескертілмеген болса). Аяқ-қолдың екі мүшесінің ұқсас дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемінің мөлшері екі еселенеді.

122. Кез келген жағдайда, барлық сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері аталған өтелім бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

123. Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 38-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

124. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

8-бөлім. Сақтандырылушының шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша тұрақты емделуге ауруханаға жатқызылуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру

41-тарау. Сақтандыру жағдайы

125. Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша тұрақты емделуге ауруханаға жатқызылуы Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

126. Шұғыл медициналық көрсеткіштер:

1) өмірге тікелей қауіп төндіретін және шұғыл медициналық көмекті қажет ететін шұғыл жағдайларға байланысты (ауырту белгілері, сіңірдің тартылуы, есінен тану, тұншығу, есеңгіреу, қан ағу, безгек жағдай, улану, күретамыр қысымының өзгеруі) ауруханаға шұғыл жатқызу;

2) Сақтандырылушының Сақтандыру шартында көзделген, медициналық көмектің көрсетілуін қажет ететін жіті ауру, созылмалы аурудың асқынуы, жұқпалы ауру (төменде келтірілген ауруларды қоспағанда) кезінде медициналық мекемеге сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңі ішінде өтініш білдіруі.

127. Егер Сақтандырылушының тұрақты емделуге ауруханаға жатқызылуы кенеттен болған аурудың (ауруханаға шұғыл жатқызу) салдарынан немесе қазіргі созылмалы аурудың (медициналық көрсеткіштер бойынша ауруханаға жатқызу) асқынуы салдарынан болған болса, оның ауруханаға емделуге жатқызылуы сақтандыру жағдайы болып танылады.

128. Сақтандырылушының ауруханаға жоспар бойынша емделуге жатқызылуы сақтандыру жағдайы болып танылмайды.

42-тарау. Сақтандыру сомасы. Жиынтықты сақтандыру сомасы

129. Сақтандырылушының шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша тұрақты емделуге ауруханаға жатқызылуын сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.

130. Сақтандырылушының шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша тұрақты емделуге ауруханаға жатқызылуын сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандырылушының тұрақты емделуге ауруханаға жатқызуды өтеу бойынша осыған дейін жүргізілген сақтандыру төлемінің (жүргізілген сақтандыру төлемдерінің) сомасына сақтандыру жылы ішінде автоматты түрде азайтылуы тиіс.

131. Сақтандырылушының шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша тұрақты емделуге ауруханаға жатқызылуын қосымша өтеу бір рет төленгеннен кейін осы өтеуді сақтандыру арқылы

қорғау өз әрекетін тоқтатады. Яғни, осы өтеу бойынша сақтандыру жағдайлары мұндай жағдайлардың санына қарамастан төленеді. Алайда, қайта және келесі сақтандыру төлемдерін анықтау кезінде, сақтандыру сомасы осыған дейін төленген сомаға азайтылады.

132.Кез келген жағдайда, барлық сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері аталған өтелім бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

43-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері және жүзеге асыру тәртібі. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту

133.Сақтандыру төлемдері медициналық қызметтерді (сақтандыру медициналық бағдарламасының көлемі) өтейді, оған шұғыл медициналық көрсеткіштер (тек тән ауруларын емдеу) бойынша келесі тұрақты емделу құны кіреді:

1) палатаға орналастыру, тамақтандыру, дәрігердің қарауы, медицина қызметкерлерінің жалпы және арнайы күтімі;

2) ота жасау, таңу, ауырсынуды басу, таңу материалын, шприцтерді, инелерді және өзге де медициналық шығыс материалдарын пайдалану кіретін шұғыл хирургиялық емдеу;

3) ота жасау, реанимациялық паланы және жедел терапия палатасын пайдалану;

4) емдеуші дәрігердің нұсқауымен зертханалық және құралдық диагностика;

5) шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша әртүрлі саладағы дәрігер мамандардың консультациялары және басқа да кәсіби қызметтері;

6) емдеуші дәрігердің нұсқауымен емдеу бөлімесін, физиемдеу және емдік дене шынықтыру кабинеттерін пайдалану;

134.Сақтандырылушы шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша тұрақты емделуге ауруханаға жатқызылған жағдайда, залалды реттеу мен есебін жүргізу үшін, Сақтандырылушы ауруханадаған шыққаннан кейін Сақтандырушыға Сақтандыру шарты қоса тіркелген шотты жіберуі қажет.

135.Сақтандырылушы медициналық мекемеде емделуі кезінде шығысты өз бетінше төлейді, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар ету туралы талап сақталған кезде, Сақтандырушы оған бұл шығысты сақтандыру төлемі туралы жазбаша өтініш және ұсынылған төленген түпнұсқа шоттар негізінде қайтарады.

136.Сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайына қатысты барлық қажет құжатты алғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға не сақтандыру төлемінен себептемелі бас тарту жіберуге міндетті.

137.Сақтандыру төлемінің мөлшері шоттардың және түбіртектердің түпнұсқалары негізінде әзірленеді.

44-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

138.Сақтандырушыны осы Сақтандыру қағидасының 17-тарауында көзделген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың жалпы негіздерінен басқа, егер шығыс келесі ауруларды емдеуге қатысты болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізеді:

1) тұқымқуалайтын аурулар;

2) аса қауіпті инфекциялар (шешек, оба, туляремия, алапес, тырысқақ және т.б.);

3) қатерлі ісіктер және одан болатын асқынулар;

4) қанды зерттеу аурулары, сондай-ақ одан болатын асқынулар;

5) анықталған мерзімдеріне қарамастан маскүнемдік, нашакорлық, уытқұмарлық;

6) туа біткен аурулар (соның ішінде даму кемістігі мен ауытқуы);

7) емханалық нысанға және процесс кезеңіне қарамастан АИТВ-инфекция, ЖИТС;

8) анықталған мерзімдеріне қарамастан психикалық аурулар;

9) вирустық гепатиттер, бауыр циррозы;

10) атом отынын жағудан болатын радиоактивті сәулелену немесе радиоактивті отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластану нәтижесінде қатты және созылмалы сәуле соққысы;

11) кәсіби аурумен;

12) тыныс алу жүйесінің аурулары: өкпенің диффузиялық ауыруы, бронхоэктаздық ауру, өкпенің арнайы емес созылмалы аурулары, тыныс демікпесі;

13) жүрек-тамыр жүйесінің аурулары: Абрамов-Фидлер миокардиті, кардиомиопатия, II-III кезеңді қан айналымы жеткіліксіз жүрек аурулары, ырғақтың жаснады жүргізілуін енгізуді қажет ететін аурулар, ырғақтың созылмалы бұзылуы (пролапс митралды клапанды қоспағанда жыбырлақ ырғақсыздық, толық АВ блокада, инфарктан кейін кардиосклероз, жүрек аневризмасы, жүре болған және туа біткен жүрек ақауы);

14) қантамыр аурулары (тығындалған эндартериит, атеросклероз, аневризма, тамырлардың түйнеліп кеңеюі, тромбофлебит, Такаясу ауруы (арнайы емес аортоартериит), Бюргер ауруы (тығындалған тромбангиит));

15) асқазан-ішек жолы аурулары: Крон ауруы, бауыр циррозы, созылмалы В, С гепатиті, асқазанның ойық жаралы аурулары және 12 саусақты ішек, созылмалы геморрой;

16) бүйрегі созылмалы жетімсіз болып келетін несеп-жыныстық сала аурулары: гломерулонефрит, амилоидоз, нефросклероз, нефроптозы, несеп-тас ауруы;

17) эндокриндік жүйе аурулары: Аддисон ауруы, Кушинга синдромы, ауыр ағымдағы гипотиреоз. Вильсон ауруы, феохромоцитома, қант диабет; тиреотоксикоз (Базедова ауруы), етеккір кезеңінің созылмалы бұзылуы;

18) ревматизм аурулары (жүйелі түрде Қызыл Жегі, Вегенер синдромы, Бехчет синдромы, Гудпасчер синдромы, Бехтерев ауруы, түйінді периартериит, Шарп, Шегрен с-мы);

19) орталық жүйке жүйесі аурулары: Альцгеймер ауруы, Паркинсон синдромы, қояншық, балалар милық салдануы, дисциркуляторлы энцефалопатия, жарақаттан кейінгі энцефалопатия, өткерген инсульт/инфаркт салдары;

20) зең және тері аурулары (микозы, микоплазмоздың жайылған түрлері, псориаз, арнайы емес дерматит және т.б.);

21) микроағзада, вируста, паразиттен емхана үлгілері мен порцесс кезеңіне қарамастан болатын жұқпалы аурулар (қатты суық тиген ауруларды, тұмауды және қатты тыныс алу вирустық инфекцияларды қоспағанда);

22) қозғалыс аппараты аурулары: остеопороз, созылмалы остеомиелит, III дәрежелі буын қызметтері бұзылған шораяқ, өкше сүйелі;

23) ДТДА (дәнекер тіннің диффузды аурулары);

24) Көз аурулары: миопия, астигматизм, катаракта, глаукома, аккомодацияның тарылуы, көз торының ажырауы, демомикоз, птеригиум;

139. Сақтандырушы Сақтанушының және (немесе) Сақтандырылушының келесі шығысы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемелерін орындамайды:

1) шұғыл көрсеткіштері бар жағдайларды қоспағанда, емдеу көрсеткіштері бойынша пластикалық және қайта құру (қалпына келтіру) хирургиясымен байланысты шығыс;

2) остеосинтез (пластина, винт), глюкометр үшін материалдарды, сондай-ақ басқа да медициналық бұйымдарды сатып алу шығысы;

3) косметология, массаж, гидрорәсім шығысы;

4) туындау себебі Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының басталғанына бағытталған қасақана әрекеттері, соның ішінде өзін-өзі өлтіру әрекеттері; сондай-ақ Сақтандырылушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттері болған ауруларды және жарақаттарды емдеуге байланысты шығыс;

5) туындау себебі радиацияның әскери іс-қимылдар, азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, табиғи апаттар болған ауруларды және жарақаттарды емдеуге байланысты шығыс;

6) ана өмірін құтқару үшін ұрықты алып тастау жағдайларын қоспағанда, зарарсыздандыруды жүргізуге немесе жүктілікті үзуге байланысты шығыс;

7) Сақтандырылушының өмірін құтқару мақсатында күйіп кету кезінде терінің ауыстырып қондырылуынан басқа, органдар мен тінді кез келген түрде протездеуге, ауыстырып қондыруға және имплантациялауға байланысты шығыс;

8) Бұл әдіс Сақтандырылушының өмірін құтқаруға жалғыз әдіс болған жағдайдан басқа, ағзадан тыс емдеу әдістерімен (қан тазарту, плазмаферез, гемосорбция, қанның УКС), сондай-ақ гипербариялық оттектеумен (ГБО) байланысты шығыс;

9) диагностиканың және емдеудің дәстүрлі емес әдістерімен, халық медицинасы әдістерімен (емшілік) байланысты шығыс.

10) медициналық оңалту шаралары бойынша шығыс.

11) шұғыл медициналық көмек көрсетуге қатысы жоқ кез келген медициналық шығыс;

140. Егер осы Қағиданың 138-тармағы 12)-19) тармақшаларында көрсетілген сырқаттардың диагнозы шұғыл ауруханаға жатқызылатын кезеңде бірінші рет қойылған болса, Сақтандырылушының шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша мұндай сырқаттарды емдеуге байланысты шығыс туындағандықтан ауруханаға жатқызылуы сақтандыру жағдайы болып табылады.

45-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері

141.Сақтандыру төлемін жүзеге асыру мақсатында, Сақтандырушы келесі құжаттарды талап етуге құқылы:

- 1) Сақтандыру шартының көшірмесін;
- 2) Сақтандырылушының жеке куәлігі көшірмесін, оның ЖСН;
- 3) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;
- 4) уақытша еңбекке жарамсыздық парағының көшірмесін;
- 5) келесілер үшін фискалды чектер немесе шот-фактуралар:
 - а) шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша әртүрлі мамандықтағы дәрігерлердің консультациясы және басқа да кәсіби қызметтері;
 - б) шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша диагностикалық зертханалық және құралдық зерттеулері;
 - в) шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша кез келген саладағы тұрақты емделуге ауруханаға жатқызу;
 - г) ауруханаға жатқызылуына себеп болған ауруға (жағдай) байланысты жүргізілетін хирургиялық және/немесе консервативті емдеу, соның ішінде таңу, дәрілік препараттар салу және т.б.;
 - д) дәрілік препараттар, таңу материалы, анестетика, оттегі және т.б.;
 - е) ауруханаға жатқызылуына себеп болған ауруды дәрігер емдеуі үшін тағайындаған физиологиялық емдеу, ЕФШ айналысу;
 - ж) ақылы палатада жату;
- 6) сақтандыру төлемін аудару үшін банк деректемелері.

142.Сақтандырушының талап етуімен Сақтандырылушы өз денсаулығының жағдайы туралы қосымша қажет ақпаратты ұсынуға міндетті. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін кез келген емдеу және басқа да мекемелерде қажет медициналық құжаттаманы өз бетінше сұратуға құқылы;

143.Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушының жазатайым жағдайы дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарының қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулысын не қылмыстық іс қозғау туралы қаулысын, аталған органдардың немесе соттың қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысын немесе сот үкімін (қаулысын) сұратуға құқылы.

144.Сондай-ақ қандай да бір құжаттарды берген немесе олардың көшірмелерінің түпнұсқалары бар заңды тұлғаның мөрімен және оның басшысының қол қоюымен куәландырылған көшірмелер ұсынылуы мүмкін.

9-бөлім. Сақтандырылушы ауыр сырқатының диагнозы бірінші рет қойылған жағдайда сақтандыру

46-тарау. Сақтандыру жағдайы. Негізгі ереже

145.Егер сырқат диагнозы қойылған сәттен бастап Сақтандырылушы 30 (отыз) күнтізбелік күн өмір сүрген жағдайда, Сақтандырылушының диагнозы бірінші рет Сақтандыру шартының әрекеті басталған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен ерте болмайтын мерзімде қойылған ауыр сырқаттануы сақтандыру жағдайы болып табылады.

146.Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада осы Сақтандыру қағидасының 30-тармағында көрсетілген белгілер бар болуы тиіс.

47-тарау. Ауыр сырқаттар

147.Миокард инфарктісі – қанмен қамтамасыз етудің жетіспеушілігі нәтижесінде миокард жерінің жансыздануы. Диагноз барлық үш белгінің бар болуымен негізделуі тиіс: 1. Сыртартқыда кеуде тұсындағы әдеттегі аурулардың бар болуы; 2. ЭКГ әдеттегі жаңа өзгерістері, мысалы: ST сегментінің немесе сипаттамалық динамикасы бар Т тістешесінің өзгеруі, патологиялық, тұрақты сақталатын Q тістешесін қалыптастыру; 3. қандағы кардиологиялық айрықша ферменттері белсенділігінің әдеттегі артуы. Диагнозды және бұл тексерістерді білікті дәрігер (кардиолог) растауы тиіс;

148.Бақылаусыз өскен қатерлі ісік ретінде, қалыпты тіндегі метастаздың және инвазияның бар болуымен гистологиялық бағаланатын бір немесе бірнеше ісіктің дамуын болдырған қатерлі ісік, лейкомия, лимфа жүйесінің қатерлі аурулары, соның ішінде Ходжкин ауруы, келесілерді қоспағанда:

- 1) ішке енбеген рак – in situ;
- 2) қатерлік ісік алдындағы ауру ретінде гистологиялық сипатталған аурулар;
- 3) терінің қатерлі ісігі және меланома, олардың ең үлкен қалыңдығы гистологиялық ауруға сәйкес 1,5 (бір жарым) мм кем немесе TNM жіктегіші бойынша T3N(0)M(0) даму деңгейінен аспайды;
- 4) бүртікті торлы қабатқа енбейтін кез келген басқа ісік;
- 5) барлық гиперкератоз немесе тіректік-жасушалы карцинома;
- 6) басқа мүшеге өсуі болмаған кезде, терінің барлық эпителиалды-жасушалы қатерлі ісігі;
- 7) Капоши саркомасы және АИТВ инфекциясымен немесе ЖИТС-қа ұқсас басқа да ісіктер;
- 8) TNM жіктегіші бойынша T1 (соның ішінде T1a, 1b, 1c) сатысындағы қуықалды без қатерлі ісігі;

9) АИТВ-инфекции және/немесе ЖИТС бар болса қатерлік ісіктер,

10) цервикалды интраэпителиалды неоплазияның барлық сатысы.

149.Жантәсілім сатысындағы екі бүйрек жұмысының созылмалы қайтымсыз бұзылуын сипаттайтын бүйректік жетімсіздік, бұл тұрақты бүйректік диализдің қолданылуын (қан тазарту немесе ішастар диализ) немесе донорлық бүйректің ауыстырып қондырылуын қажет етеді.

150.Мидағы қан айналымының және туыстық синдромдардың өткінші ишемиялық бұзылуын, бас миының травматикалық зақымдануын, бас ауруы нәтижесінде туындайтын неврологиялық белгілерді қоспағанда, ұзақтығы 24 (жиырма төрт) сағаттан артық неврологиялық симптоматиканы (мотор және сенсор қызметтердің бұзылуы) тудыра алатын және ми тінінің жансыздануы, диагноз қойылғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде ми инфарктісін тудыратын, қалған құбылыстардың (неврологиялық симптоматика) сақталуына алып келген геморрагия және эмболия кіретін инсульт (ми инфаркты).

151.Қолқа тармақтарының ауруларын хирургиялық емдеуді қоспағанда, қолқаның ақауы бар жерін кесіп алып тастау және трансплантпен ауыстыру арқылы қолқаның созылмалы ауруларын емдеу мақсатында, қолқаның кеуде және/немесе іштік бөлігін хирургиялық жолмен емдеу.

152.Өткерген ауру немесе сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын адған жазатайым жағдай салдарынан екі көздің көру мүмкіндігін толық, тұрақты және қайтасымсыз жоғалтуы.

153.Вальвулотомияны, вальвулопластиканы және клапандарды ауыстырып орналастырусыз (ауыстырусыз) жүргізілетін емдеудің басқа да түрлерін қоспағанда, осы жағдайлардың тарылуының/жетіспеушілігінің немесе тәсілдерінің дамуы салдарынан жүректің қолқалық, қос жармалы, трикуспидалды немесе пульмоналды клапандарын ұқсас жасанды клапандармен хирургиялық жолмен ауыстыру.

154.Басқа органдарды және тінді ауыстырып қондыруды қоспағанда, жүрек, өкпе, бауыр, ұйқы безі, ащы ішек, бүйрек немесе сүйек майы сияқты өмірлік маңызы бар органдарды ауыстырып қондыру.

155.Жұлын-ми сұйықтығындағы сипатты белгілері мен магнитті-резонанс томография кезінде тіркелетін айрықша зақымдары бар 6 (алты) ай ішінде мотор және сенсорлық қызметтерді миелинсіздендірудің әдеттегі белгілері және бұзушылықтары болатын шашыранды склероз.

156.Гийена-Барре синдромын қоспағанда, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезінде орын алған жазатайым жағдай салдарынан болған сал ауруы немесе 3 (үш) ай ішінде екі және одан да көп дене мүшесінің қозғалыс қызметінен толық және тұрақты айырылуына алып келген жұлын аурулары.

157.Ангиопластиканы және/немесе күре тамырдағы басқа қозғалыстарды, лапароскопиялық хирургиялық қозғалыстарды қоспағанда, тәждік ангиография бар болса, екі немесе одан да көп тарылған немесе тығындалған тәждік күре тамырды түзету мақсатында, тәждік күре тамырды ашық мүмкіндікпен, айналма тамырлы ұштастыру әдісімен хирургиялық жолмен емдеу.

48-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері

158.Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.

159.Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан 100% құрайды. Осы Қосымша сақтандыру бағдарламасы бойынша ауыр сырқаттың диагнозы бірінші рет қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнге тең тірі қалу кезеңіне белгіленеді. Сақтандырылушы осы кезең ішінде қайтыс болған жағдайда, Сақтандырушы "ауыр сырқат" оқиғасының төлемін жүргізбейді.

160.Сақтандырылушы тірі қалу және "Ауыр сырқаттану жағдайында сақтандыру" өтелімі бойынша сақтандыру төлемінің 100% мөлшерінде осы өтелімнің сақтандыру төлемін алу кезеңінен кейін қайтыс болған жағдайда, Пайда алушылар "Кез келген себеппен қайтыс болу" негізгі өтелімі бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру сомасын алады.

161.Ауыр сырқаттану жағдайында сақтандыру бойынша төлем жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушының осы Сақтандырылушыға аталған өтелімге қатысты жауапкершілігі төлем сәтінен бастап тоқтатылады және ауыр сырқаттар жағдайында сақтандырудың Қосымша бағдарламасын келешекте ұзарту немесе қалпына келтіру жүргізілмейді.

162.Барлық қажет құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылады.

163.Осы өтелім бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған жағдайда, сақтандырудың келесі жылына басқа қосымша өтелімдер таңдалмайды, себебі сақтандыру жылы аяқталғанға дейін тек негізгі бағдарлама бойынша өтеу жүзеге асырылады.

164.Сақтандыру төлемі диагнозы қойылған тек 1 ауру бойынша жүзеге асырылады.

49-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын жағдайлар

165.Осы Қағиданың 17-тарауында көзделген негіздерден басқа, Сақтандырушы келесі сырқаттар (жағдайлар) кезінде сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы:

- 1) АИТВ-инфекция және/немесе ЖИТС бар болса туындаған ауыр сырқаттар;
- 2) метастазы жоқ кез келген қатерлі ісік;
- 3) ісік, ішке енбеген кез келген рак - in situ, қатерлік ісік алдындағы ауру ретінде гистологиялық сипатталған аурулар;
- 4) терінің қатерлі ісігі және меланома, олардың ең үлкен қалыңдығы гистологиялық қорытындыға сәйкес 1,5 (бір жарым) мм кем немесе TNM жіктегіші бойынша T3N(0)M(0) даму деңгейінен аспайды;
- 5) бүртікті торлы қабатқа енбейтін кез келген басқа ісік;
- 6) терінің барлық гиперкератозы немесе тіректік-жасушалы карцинома;
- 7) басқа мүшеге өсуі болмаған кезде, терінің барлық эпителиалды-жасушалы қатерлі ісігі;
- 8) Капоши саркомасы және АИТВ инфекциясымен немесе ЖИТС-қа ұқсас басқа да ісіктер;
- 9) TNM жіктегіші бойынша T1 (соның ішінде T1a, 1b, 1c) сатысындағы қуықалды без қатерлі ісігі,
- 10) АИТВ-инфекции бар болса қатерлік ісіктер;
- 11) цервикалды интраэпителиалды неоплазияның барлық сатысы.

- 12) жүрек ишемиялық ауырғандықтан туындаған қатты тәждік синдромдар;
- 13) ЭКГ ST сегменті өзгермейтін миокард инфарктісі;
- 14) ми қан айналымының уақытша бұзылуы;
- 15) бас миының жарақаттық зақымдануы нәтижесінде ми-тамырлық өзгерістер (ми қан айналымының бұзылуы);
- 16) жүректен, өкпеден, бауырдан, ұйқы безінен, аш ішектен, бүйректен немесе жілік майынан басқа, органдарды, орган бөліктерін, жасушаларды немесе қандай да бір тінді ауыстырып қондыру;
- 17) бүйректің уақытша тазалануын қажет ететін қатты бүйрек жетімсіздігі;
- 18) есірткі препараттарын пайдалануы нәтижесінде туындаған Паркинсон ауруы;
- 19) Шарт бойынша сақтандыру арқылы қорғау әрекеті басталатын күнге дейін болған ауыр сырқаттар;
- 20) Шарт бойынша сақтандыру арқылы қорғау әрекеті басталатын күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде туындаған ауыр сырқаттар;
- 21) осы Қағиданың 47-тарауына сәйкес ауыр сырқатты анықтауға сәйкес келмейтін кез келген аурулар;
- 22) Сақтандырылушыға сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде диагнозы бірінші рет қойылған ауыр сырқатының диагнозы белгіленген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қайтыс болған жағдайда.

50-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және залал мөлшері

166.Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде диагнозы бірінші рет қойылған ауыр сырқаттануы сияқты сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру шартының көшірмесін;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелерін, банк БСН, БСК, ЖСК, жинақ, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 4) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері, залал мөлшері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық қорғау органдары);
- 5) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – өндірістегі жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 6) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;
- 7) медициналық мекеме берген, медицина саласындағы маманның "ауыр сырқат" диагнозына (сырқатнаманың үзінді көшірмесі, амбулаториялық картаның үзінді көшірмесі, ресми медициналық хаттама, нысан 027-2/у, тиісті мамандандырылған дәрігердің қолы қойылған қорытынды немесе анықтама, ДКК, МӘСК анықтама және т.б.) сәйкес келетін білікті қорытындысынан тұратын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариаттық куәландырылған көшірмелері. Құжаттар берген мекеменің мөрімен куәландырылуы тиіс және онда диагноз туралы мәліметтер, диагнозы қойылған зерттеу нәтижелері, диагноздың бірінші рет қойылған күні, тәждік күре тамырларда операцияларды жүргізу қажеттілігін негіздеу, органдардың ауыстырып қондырылғаны көрсетілуі тиіс;
- 8) диагнозы қойылған зерттеу нәтижелері;
- 9) әдістердің жалпы емханалық (ішке енбеген) әдістерінң деректері:
 - а) биохимиялық зерттеулердің деректері;
 - б) вирусологиялық зерттеулердің деректері;
 - в) гематологиялық зерттеулердің деректері;
 - г) вирусологиялық зерттеулердің деректері;
 - д) иммунологиялық зерттеулердің деректері;
 - е) гистологиялық зерттеулердің деректері;

ж) микробиологиялық зерттеулердің деректері;
з) молекулярлық-биологиялық зерттеулердің деректері;
и) химико-токсикологиялық зерттеулердің деректері;
к) генетикалық зерттеулердің деректері;
л) цитологиялық зерттеулердің деректері;
м) сәулелі диагностика деректері (компьютерлік томография, магнитті-резонансты томография, радионуклидтік, ультрадыбыстық, рентгенологиялық диагностика, термография);
н) функциялық диагностика деректері (электр кардиографиясы, өңеш арқылы кардиостимуляция, велоэргометрия, электроэнцефалография, реография, миография, спирография, ангиография, энцефалоскопия және т.б.);
о) эндоскопиялық диагностика деректері (бронхоскопия, фиброгастроуденоскопия, колоноскопия, цистоскопия, гистероскопия және т.б.); қажет болса Сақтандырушы құқылы қосымша құжаттарды сұратуға құқылы, бұл құжаттарсыз сақтандыру жағдайының басталғанын белгілеуі мүмкін емес, сондай-ақ сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажет құжаттарды сұратуға құқылы;

10) «Ауыр сырқат» диагнозын қою және растау үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтандырушы өзі көрсеткен медициналық мекемеде Сақтандырылушыны қосымша медициналық куәландыруды тағайындауға құқылы.

167.Сақтандырушы өзінің сұратуында көрсетілген күнгі жағдай бойынша Сақтандырылушының толық медициналық диагнозы көрсетілген денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы, уақытша еңбекке жарамсыздығының парағын, берген мекеменің мөрімен куәландырылған сот-медициналық сараптамасының көшірмесін сұратуға құқылы. Сақтандырылушы Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы дәрігерлердің, күтімді жүзеге асыратын тұлғалардың, медициналық мекеменің және уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің беруіне уәкілеттік беруге міндетті.

168.Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру жағдайының жағдайларын, себептерін және салдарын тексеруге;
2) сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратқа ие болуы ықтимал үшінші тұлғаларға сұратулар жіберуге;
3) Сақтандырушы тағайындаған, соның ішінде сақтандыру жағдайының жағдайларын, себептерін және салдарын тексеру үшін тағайындаған дәрігерлердің Сақтандырылушыны қосымша медициналық тексерулерін талап етуге.

169.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға өз есебінен Сақтандырушының сұратуы бойынша осы Тараудың 166-167 тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

170.Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

171.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

172.Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер сақтандыру төлемін төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе аударым шығысы Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

173.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі Сақтандыру қағидасының осы Тарауында көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10-бөлім. Қорытынды ереже

51-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

174.Еңсерілмейтін күш жағдайлары – егер тараптардың Сақтандыру шартындағы міндеттемелерді орындамауы Сақтандыру шартын жасағаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күштің салдарынан, алдын ала болжау, алдын алу мүмкін болмаған жән тараптардың бір де біреуі ықпал ете алмған төтенше сипаттағы оқиғалардың нәтижесінде болса, тараптар аталған міндеттемелерді орындаудан босатылатын жағдайлар. Мұндай жағдайларға Сақтандыру шартын орындауға кедергі келтіретін ереуіл, халық толқулары, табиғи апаттар, мемлекеттік билік актілері және т.б. жатады.

175.Мұндай жағдайларға ұшыраған тарап бұл туралы басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Еңсерілмейтін күш жағдайларына ұшыраған тараптың мұндай жағдайдың басталғаны туралы хабардар етпеуі, оны өз міндеттемелерін орындамауына негіздеме жасау құқығынан айырады.

52-тарау. Дауды шешу тәртібі

176.Тараптар Сақтандыру шартынан және осы Сақтандыру қағидасының талаптарынан туындайтын дауды келіссөздер арқылы шешеді. Келісімге қол жеткізілмеген кезде, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте соттың қарауына табысталады.

53-тарау. Қосымша талаптар

177.Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарландырулар, түсініктемелер жіберілгенін растай алатын тәсілмен жіберілуі тиіс.

178.Тараптар арасындағы сақтандыру шартында реттелмеген қатынастар Осы сақтандыру қағидасына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеледі.

179.Сақтанушы Сақтандыру шартын немесе Сақтандыру шартының қосымшасын жоғалтқан кезде, Сақтандырушыны ескертуі және Сақтандыру шартының телнұсқасын немесе Сақтандыру шартының қосымшасын алуға өтініш жазуы тиіс.

180.Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы Сақтандыру қағидасының жекелеген ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса, бұл ереже Сақтандыру қағидасына тиісті өзгертулерсіз автоматты түрде күшін жоғалтады. Егер осы Сақтандыру қағидасының ережесінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережені қозғамайды. Жарамсыз ереже тиісті қатынасқа заңды түрде жол берілетін және реттелетін ережемен ауыстырылады.

181.Осы Сақтандыру қағидасы қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Сақтандыру қағидасының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің айырмашылығы бар болған жағдайда, басымдық Сақтандыру қағидасының орыс тіліндегі мәтініне беріледі.